

"Респубикалық мұлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 402 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 361 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 наурызда № 16670 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 66 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 13.02.2025 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Респубикалық мұлікті иеліктен шығару түрлерін таңдау бойынша критерийлерді анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 402 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9809 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 5 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Респубикалық мұлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған респубикалық мұлікті (бұдан әрі – Объект) иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар айқындалсын.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қосымша қазак тілінде осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті (Ғ.У. Ібырайымов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлік

2018 жылғы 15 наурыздағы

№ 361 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлік

2014 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 402 бұйрығына

қосымша

Респубикалық мұлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

p/p №	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрі
1.	Объектіні одан әрі бақылауда мемлекеттік мүдделігінің болмауы (шарттар қойылмайды). Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату және сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда-саттықты аукцион нысанында откізу
	Объектіні сату шарттарын (қызмет бейінін сактау, кредиторлық	

2.	берешекті өтеге, жалақы бойынша берешекті өтеге және басқа да шарттар) белгілеу қажеттілігі. Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату қажеттілігі.	сауда-саттықты коммерциялық тендер нысанында өткізу
3.	Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортасын қорғауды, сыртқы экономикалық жағдайын қозғайтын Объектіні сату.	сауда-саттықты жабық тендер нысанында өткізу
4.	Сенім білдірілген басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты талаптарын орындау.	тікелей атаулы сатылым
5.	Объектінің көр биржасының талаптарына сәйкестігі. Шетелдік инвесторларды қоса алғанда, сауда-саттыққа қатысуышылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда-саттықты қор биржасында өткізу
6.	Жекешелендіру объектілерін сату алдындағы дайындық пен оларды сату жөнінде консультациялық қызметтерді тарту қажеттілігі. Конкурсты жекешелендіру бағасының басымдығын және (немесе) өзге де шарттарын айқындастын каржы кеңесшісінің қатысуымен өткізу қажеттілігі.	екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс
7.	Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату қажеттілігі.	туынды бағалы қағаздарды сату